


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ
КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИИ МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ГОСУДАРСТВО И РЕЛИГИЯ



4 (31) 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ ДІН ІСТЕРІ КОМИТЕТІ



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН



Қазақстан Республикасы ІІМ
Қарағанды ақпараттық-құқықтық
ортасы
ОҚУ ЗАЛЫ

4 (31) 2014

Астана, 2014 жыл

15.04.02 348
ҚҰБЫЛМА ҚҰЖАЛМА

идеяларды ұстанушылармен жұмыс жүргізуге бағытталып отырғандықтан, бұл екі жолмен іске асырылуда.

Бірінші жол – арнайы мамандырылған үкіметтік емес ұйымдар арқылы радикалдық идеяларды ұстанушылармен түсіндіру іс-шараларын жүргізу және оларды дәстүрлі ортаға қайтару жұмыстары. Бұл қатарда Ақтөбе облысындағы «Ансар», Атырау облысындағы «Шапағат», Қарағанды облысындағы «Нұрлы білім» тәрізді үкіметтік емес ұйымдардың қызметін ерекше атап өтуге болады. Бұл бағытта сонымен қатар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының дін істері басқармалары жанындағы дін мәселелерін зерттеу орталықтары тарапынан да біршама жұмыстар жүргізіліп отырғанын айта кету керек.

Екінші жол – түзеу мекемелерінде жазаларын өтеушілермен діни экстремизм мен радикализмнің алдын-алу бағытында жүргізілетін түсіндіру және оңалту жұмыстары. Бұл бағытта өңірлердегі дін істері басқармалары мен Қазақстан

мұсылмандары діни басқармасының өкілдіктері бірлесіп жұмыстар жүргізуде.

Жалпы, Дін істері комитеті дін саласындағы уәкілетті орган ретінде мүдделі мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының пәрменділігін арттыруға әрқашан мүдделілік танытады. Осы ретте, ағымдағы жылы жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар нәтижесі бойынша Қазақстан азаматтарының 90%-ға жуығының еліміздегі діни ахуалды тұрақты деп бағалауы және мемлекетпен іске асырылып отырған дін саласындағы саясатқа сенім білдіруі – дін саласындағы уәкілетті орган болып табылатын Дін істері комитеті үшін әрқашан діни салада іске асырылып отырған жұмыстардың басты нәтижесі және негізгі өлшемі болып табылады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
12.12.2014ж. № 244 (28467)

ДІНТАНУ БІЛІМІ. ОНЫ ҚАЛАЙ ОҚЫТЫП ЖҮРМІЗ?

Мәдениет және спорт министрлігі
Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу
және талдау орталығының директоры
Айнұр Әбдірасілқызы



Қазақстандағы білім беру саласында тәуелсіздіктен кейін қарқын алған үрдістердің бірі дінтану мамандарын даярлау болып табылады. Еліміздегі дінтану мамандары бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде даярланады.

Дінтанулық білім тарихы 1992 жылы алғаш рет Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Дін және еркін ойлау» мамандығының ашылуынан бастау алады. Қазір дінтану бакалаврларын еліміздегі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Дінтану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия ғылымдары және дінтану кафедрасы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Философия және мәдениет теориясы кафедрасы, «Нұр» Қазақ-египет ислам университетінің Дінтану ка-

федрасы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Дінтану және теология кафедрасы, Шет тілдер және іскерлік карьера университетінің дінтану факультеті даярлайды.

Қарағанды мемлекеттік университетінен өзге аталған оқу орындарында дінтану мамандығы бойынша магистратура ашылған, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен «Нұр» Қазақ-египет ислам университеті дінтану мамандығы бойынша PhD докторларын даярлайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан «дінтану» мамандығына жыл сайын 65 мемлекеттік грант бөлініп келген болатын. 2013-2014 оқу жылынан бастап, оқу гранты 77-ге көбейтілді. Жекелеген оқу орындары өз гранттары арқылы дінтанушылардың белгілі бір бөлігінің ақысыз білім алуын қамтамасыз етуде.

Жалпы дінтанудың өзі бастапқыда пән ретінде Батыс елдерінде теологияға қарсы көзқарастар негізінде қалыптасқаны белгілі. Аталған пәнді қалыптастыру мен дамыту үдерісінде бірте-бірте екі жетекші бағыт қалыптасты. Бірінші бағытты ұстанушылар дінтануды дін туралы (сырттай) оқытатын пән ретінде қабылдаса, екінші бағыттағылар дінтануды дін арқылы (теологиялық тұрғыдан) оқытатын пән ретінде қабылдайды. Қазақстандық білім стандарттарында дінтану дін туралы (сырттай) оқытатын пән ретінде негізделген, ал жалпы оқыту үдерісінде ұстаздар қауымының діни және дінтанулық білімді ұштастыру мүмкіндігіне қарай екі көзқарас аралас көрініс тапқан деуге болады. Бұл ең алдымен дінтану пәнін оқытуға деген мемлекеттің тұжырымдамалық көзқарасының айқындалмауының салдары болып табылады. Осы орайда дінтану пәнін оқытуда ненің мақсат етілетіні, оның қандай пән болуы қажеттігі мемлекет тарапынан нақтылануға тиіс.

Дінтану мамандарын даярлауда қазір «дінтанушы – дінтану пәнінің оқытушысы», «дінтанушы – ислам теологиясы бойынша сарапшы», «дінтанушы – христиан теологиясы бойынша сарапшы», «дінтанушы – жаңа діни ағымдар бойынша сарапшы», «дінтанушы – мемлекет-дін қатынастары бойынша сарапшы» бейіндік бағыттары қалыптасқан. Аталған мамандану бейіндері негізінен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде толығымен қамтылған. ҚазҰУ-де сонымен қатар дінтану магистранттары болашақта өндіріске жіберілетін бейіндік бағыт бойынша және ғылыми қызмет пен жоғарғы оқу орындарына оқытушылыққа жіберілетін ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша даярланады.

«Дінтану» мамандығын оқыту үдерісі барлық оқу орнында мемлекеттік білім стандарттарына сәйкес бекітілген бағдарлама бойынша жүреді. Дегенмен оқу үдерісінде бірізділіктің сақталмауына төмендегідей жайттар әсер етуде:

- негізгі оқу құралдары мен қосымша әдебиеттердің әр алуан болуы;
- оқытушылардың дайындық деңгейінің әркелкілігі;
- кафедралардың мамандандыру бағдарының әртүрлілігі.

Дінтану пәнінің оқу әдебиеттерінің санаулы болуы, негізінен орыс тілді және Қазақстанда емес, алыс-жақын шетелдерде даярланған әдебиеттерден құралуы, еліміздегі нақты діни ахуал ерекшеліктерін қамти алмауы, дін мәселелеріне қатысты объективті көзқараспен емес, көбіне атеистік тұрғыдан жазылуы салдарынан

идеологиялық жүйелілік пен логикалық бірізділік қалыптаспай отыр.

Оқытушылар құрамына қатысты негізгі мәселе дінтану мамандығы бойынша базалық пәндерден дәріс беретін ұстаздардың көпшілігінің философия, мәдениеттану, т.б. сала мамандары болуында. Аталған ұстаздардың діни қатынастар саласында да біршама тәжірибелері қалыптаса бастағанымен, базалық білімдерінің өзге саладан болуы дінтану пәнінің өз деңгейінде оқып-үйренілуіне мүмкіндік бермейді. Дегенмен соңғы екі-үш жыл көлемінде дінтану магистрлерінің даярланып, жоғарғы оқу орындарында дәріс бере бастауының игі ықпалы байқалады.

Дінтану кафедраларының бірқатар оқу орындарында философия ғылымдары, мәдениет теориясы, теология мамандықтарын қатар алып жүруі аталған бағыттарға белгілі бір дәрежеде бейімділікті аңғартады. Бұл, әрине, мамандану үдерісінің кемшілігі емес, өзіндік ерекшелігі деп тануға болатын жайт. Дегенмен кафедраларға топтасқан ұстаздардың бейіндік бағыты дінтану пәніне деген өзіндік көзқарас пен оқыту әдістемесін айқындайтыны белгілі. Сондықтан әр алуан кафедралар аясында топтасу дінтану мамандығын оқыту үдерісінде тұжырымдамалық бірізділіктің болмауына алғышарт жасайды.

Дінтану пәнінің отандық мамандар жетіспейтін жекелеген оқу бағдарламаларын оқыту үшін қазір шетелден мамандар шақыру үдерісі жолға қойылған. Бұл үдерісте негізгі қиыншылықтар шақырылатын маманның мемлекеттік немесе орыс тілін игермеуі, аудиторияның ағылшын тіліне жетік болмауы салдарынан оқу үдерісінің созылмалы сипат алып, қиындықпен игерілуіне байланысты болып келеді.

Аталған мамандықты игертудегі қиындықтардың бірі ретінде ұстаздар талапкерлерді іріктеуге қойылатын ұпай санының төмендігін атап көрсетеді. Дінтану пәнінің түсу ұпайының төмендігі салдарынан жоғары білім алуға талаптанған бірқатар ұпайы төмен үміткерлер кез келген бір мамандық бойынша оқуға түсу мақсатында осы пәнді таңдайды. Бұл онсыз да күрделі бағдарламаны игеруде ықпалсыздықтың қосылып, жалпы аудиторияның деңгейін төмендетуге алып келеді.

Болашақ дінтану бакалаврларын жұмыспен қамту үшін оларды мамандандырудың жаңа тетіктерін қалыптастыру қажет. 2012 жылы бітірген дінтану бакалаврларының жұмыспен қамтылу көрсеткіштеріне назар салсақ, 16 бітіруші магистратурада білімін жалғастырса, 137 бітіруші өз мамандығы бойынша немесе шектес салаларда жұмысқа орналасқан, 35 бітіруші өзге салаларда қызмет атқаруда. Елімізде дінтанушыларға деген үлкен сұраныс бар болғанымен, дайын кадрлық



ресурсты, әсіресе, орта білім беру жүйесінде тиімді пайдалану мүмкіндігі шектеулі.

Қазір орта мектептегі «дінтану негіздері» пәні 9 сынып үшін міндетті және баға қойылатын факультатив пән ретінде бекітілгені белгілі. Дегенмен аталған пәннің сағат саны өзгеріссіз қалып отыр. Дінтану пәнінің апталық жүктемесі – 1 сағат, жылдық жүктемесі – 34 сағат. Ал орта мектеп мұғалімінің бір штаттық мөлшерлемесі бойынша бекітілген апталық жүктемесі – 18 сағат, жылдық жүктемесі – 612 сағат. Яғни дінтану пәнінің қазіргі сағат саны мектеп мұғалімінің 0,25 мөлшерлемесін де (мұндай мөлшерлеменен мұғалімнің жұмысқа алынуы мүмкін еместігін ескермегенде) құрай алмайды. Бұл жағдайда дінтанушы маман тек тоғыз бірдей параллель сынып оқитын мектепте ғана 0,5 жүктемемен жұмысқа қабылдануы мүмкін. Мұндай мектептер ел аумағында санаулы ғана. Сондықтан дінтанушы мамандардың орта мектепте қызмет атқарып, өз әлеуетін тиісті орнына пайдалануы үшін дінтану пәнінің сағат санын көбейту немесе оны басқа да сыныптардың бағдарламаларына енгізу арқылы тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыру мәселесін шешу қажет. Бұл орайда мектеп оқушыларының бір бөлігі 9 сыныптан кейін техникалық-кәсіптік оқу орындарына кететіндігін ескеріп, олардың дінтану негіздерінен жүйелі білім алуына мүмкіндік беру үшін аталмыш пәнді 8-9 сыныптарға енгізген жөн.

Дінтану пәнінің оқытылу аясын кеңейту еліміздегі қазіргі діни ахуал және конфессиялық кеңістіктің алуан түрлілігі жағдайында да өте маңызды. Орта мектепте дінтану бағытында жүйелі әрі сапалы білімнің берілуі болашақта еліміздің ішкі тұрақтылығына септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан аталған пәннің сағат санын көбейту мәселесіне мүмкіндігінше тереңірек маңыз берген жөн.

Дінтанушы мамандарға қосымша мамандық беру мүмкіндігін қарастыру да осы мәселені шешудің екінші бір тетігі болмақ. Қазір орта мектептерде тәжірибе жүзінде дінтану пәнін тарихшылардың жүргізуі қалыптасқан. Осы жағдайды және аталған пәндердің салалық шектестігін ескере отырып, дінтанушыларға «дінтанушы-тарихшы», «дінтанушы-педагог» қос мамандығын беру мүмкіндігін қарастыру қажеттігі жиі көтерілуде. Осы орайда аталмыш мәселенің екінші қырына да назар аудару қажет. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында дерлік тарих кафедралары тарихшы-педагогтарды даярлайтыны белгілі. Тарих пәні орта мектепте 5-11 сыныптар аралығында көлемді сағаттық жүктемемен оқытылады. Осыны ескере отырып, болашақ тарихшы-педагогтарға дін тарихын, дінтану негіздерін тереңдете оқыту арқылы «тарихшы-дінтанушы» мамандығына бейімдеп даярлау анағұрлым нәтижелі әрі оқыту үдерісі тұрғысынан тиімді болатыны даусыз. Ал арнайы даярлана-

тын дінтанушы мамандарды нақты сұраныстарды зерделей отырып, өндірістік және ғылыми-педагогикалық бағыттарға бакалавриат кезеңінен бейімдеген жөн.

Қазіргі «дінтану негіздері» пәнін жүргізетін тарихшы мұғалімдерді қайта даярлау небәрі 24 сағаттық курс көлемінде жүргізілетіні, бұған қосымша мұғалімдердің жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұйымдастырылған екі-үш күндік семинар-тренингтер аясында білім жетілдіретіні белгілі. Басқа уақыттарда мұғалімдер көбіне өз бетінше білім жетілдіруге, қолына түскен әдебиетпен қанағаттануға, негізгі мәселелерге жауапты ғаламтор материалдарынан іздеуге мәжбүр. Сондықтан кемінде 1 айлық толыққанды бағдарламаны қамтитын білім жетілдіру курстарын ұйымдастырып, әдістемелік және хрестоматиялық әдебиеттерді даярлау арқылы білім жетілдіру курстарының деңгейін көтеру қажет. «Дінтану негіздері» пәнін жүргізетін мұғалімдердің әдістемелік мәселелерді кеңінен талқылауына, өзара ақпарат алмасуына мүмкіндік беретін орталар (ғаламтор сайттары, парақшалары, әдістемелік журналдар) қалыптастырған жөн.

Елімізде 2009 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы университетте «теология» мамандығы бойынша діни және дінтанулық салаларды ағастырған жоғары білім беріле бастады. Бұл мамандықтың ерекшелігі – дінді тек сырттай талдау, бағалау, пайымдау арқылы тану және танытумен шектелмей, діндердің ішкі болмысын зерделей оқытатын курстардың үлес салмағы басым болуында. Дін ұстанушының сана-сезімінің динамикасын зерттейтін, түсіндіретін пәндер тағылымын тәжірибемен ұштастыруға, дінтану ғылымын өз кезегінде екінші бір шетін көзқарас болып табылатын атеизм ұстанымдарымен біржақты қаруландырудан сақ болуға мүмкіндік беретін аталған мамандықтың еліміздің діни және дінтанулық білім жүйесінде өзіндік орны болары сөзсіз. Қазіргі кезеңде болашақ отандық теологтардың алғашқы буыны соңғы курста білім алуда. «Теология» мамандығы бойынша 2012 жылы мемлекет тарапынан 10 грант бөлінген болса, 2013 жылы 22 оқу гранты бөлінді.

«Исламтану» мамандығының дербес қалыптасуы Қазақстандағы діни және дінтанулық білімнің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Аталған мамандық «Нұр» Қазақ-египет ислам университетінің Исламтану кафедрасы базасында даярланады. Исламтану мамандығының дербес оқу стандарты бар, ол исламтанушы мамандарды, ислам дін қызметкерлерін, ғылыми кадрларды даярлауға бағытталған. Бұл мамандық бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде білім беріледі. Мемлекет тарапынан «исламтану» мамандығы бойынша 2011-2012 оқу жылына – 100 грант, 2012-2013 оқу

жылына – 100, 2013-2014 оқу жылында 150 грант бөлінді, 2014-2015 оқу жылында 200 грант бөлу жоспарланған.

2011 жылдың 23 қарашасында университеттің Қазақстан және египет тараптарының өкілдерінен тұратын Қамқорлар кеңесінің 4-отырысы өткізілді. Отырыс хаттамасында университет атауын «Нұр» Қазақ-египет ислам университеті» деп өзгерту, университет құрылымына өзгерістер енгізіп, жаңа факультеттер құрып, тиісті кафедралар ашу, діни мамандықтар қатарын кеңейту мәселелері қарастырылды.

Жоғарыда аталған дінтану, теология және исламтану пәндерінің базалық бағдарламалары белгілі бір дәрежеде бірін-бірі қайталайды. Әсіресе теология және исламтанудың мамандық пәндерінде айырмашылық өте аз. Бұл да аталған мамандықтардың арақатынасы мен негізгі бағыттарының біртұтас мемлекеттік көзқарас тұрғысынан жеткілікті дәрежеде жүйеленбегендігін аңғартады. Осы орайда дінтанушы ғалымдардың аталған мамандықтарды біріктіріп, ортақ әмбебап стандарт қалыптастыру жөнінде ұсыныстарының да негізсіз еместігін назарға алған жөн.

Отандық білім жүйесіндегі 2013 жылғы жаңалықтардың бірі «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында «дінтану», «теология» және «шығыстану» мамандықтарына грант бөлінгендігі болып отыр. Бұл қадам отандық мамандардың діни және дінтанулық білім саласындағы біліктілігін арттырып, әлемдік тәжірибемен жете танысуға септігін тигізеді анық.

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім бағыттылығы жөнінен бірізділендіруге, мазмұны тұрғысынан байытылуға тиіс. Дінтанулық білімнің динамикалылығын арттыру, қасаң көзқарастардан арылту, тәжірибелік курстар санын көбейту шараларын жүзеге асыру нәтижелі болмақ. Діни және дінтанулық білім бағыттылығы жөнінен бір-бірінен ажыратылғанымен, түпкі мақсаты бір. Ол – дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, шетін көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани құндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсінуге және бағалай білуге жетелеу. Сондықтан заман талабына сәйкес діни және дінтанулық білімнің ортақ мақсатқа тиімді түрде бірлесе қызмет етуінің жан-жақты мүмкіндіктерін жете қарастырған жөн.

Осы орайда уәкілетті органдардың, білім мекемелері мен дінтанушылар қоғамдастығының назарына бірлесе жұмыс жүргізу мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында мынадай тұжырымдалған ұсыныстарды енгізуді жөн санаймыз:

– дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттері, оқу бағыты мен мазмұны мемлекеттік көзқарас

тұрғысынан тұжырымдамалық негізде айқындалуы қажет. Соның негізінде дінтану пәнінің бағдарламасы қайта жасалып, оқу-әдістемелік кешені жаңа мазмұнда жазылуға тиіс. Осы негізде дінтанудың базалық (негізгі) және бейіндік (мамандандыру) пәндерінің міндетті модульдеріне кіретін пәндер мазмұны бірізді бағдарламаға сәйкес жазылуы керек;

– дінтану, теология және исламтану пәндерінің базалық бағдарламаларын қайта қарау, салғастырып, жүйелеу, қажет жағдайда аталған мамандықтарды «дінтану» әмбебап стандарты аясында біріктіру мүмкіндіктерін қарастырған жөн;

– болашақ дінтанушы мамандарды оларға деген нақты сұраныстарды зерделей отырып, өндірістік және ғылыми-педагогикалық бағыттарға бейімдеп даярлау тетіктерін жетілдіру қажет;

– дін саласындағы мемлекеттік орган мен дінтанулық білім беру ұжымдарының байланысын тұрақты негізде дамыту, болашақ дінтанушыларды сенімді, өзекті әрі тың ақпараттармен қамтамасыз ету мақсатында оларға Агенттік мамандарының дәріс өткізуін жүйелі негізге қою қажет. Бұл орайда жеке дәрістермен қатар оқу бағдарламасына «Қазіргі діни ахуалдың өзекті мәселелері» атты бітіруші курс студенттеріне арналған курсты енгізіп, Агенттік мамандарының жүргізу мүмкіндігін қарастырған жөн;

– болашақ тарихшы-педагогтарға дін тарихын, дінтану негіздерін тереңдете оқыту арқылы «тарихшы, қосымша мамандығы бойынша дінтанушы» мамандығына бейімдеп даярлау тетіктерін қалыптастыру, аталған мамандықтың оқу бағдарламаларының типтік үлгісін және мазмұнын дінтану кафедраларының белсенді араласуымен жасақтау қажет;

– жалпыға бірдей білім беретін орта мектептердің 9 сыныбында факультатив ретінде оқытылатын «Дінтану негіздері» пәнінің атын уақыт талабына сай қоғамтанулық мазмұнын жетілдіру мақсатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп өзгерту, аталған пәннің оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешенін қайта даярлау шараларын дінтанушылар қоғамдастығының тікелей араласуымен толыққанды әрі сапалы деңгейде жүзеге асыру керек;

– «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін жүргізетін мұғалімдерге арналған 1 айлық білім жетілдіру курстарын ұйымдастыру және оларға арналған әдістемелік және хрестоматиялық әдебиеттер даярлау жұмыстарына дінтанушылар қоғамдастығын белсене араластыру, сонымен қатар «Дінтанушы» ғаламтор сайтын, «Дінтану» ғылыми-әдістемелік, танымдық журналын ұйымдастыру қажет.

«Abai.kz» ақпараттық порталы, 24.10.2014ж.

